

"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 2 қыркүйектегі № 386 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 2 қыркүйекте № 9716 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2014.09.18 № 403 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8397 болып тіркелген, 2013 жылғы 18 маусымдағы № 170-171 (27444-27445) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы осы б ұ й р ы қ п е н б е к і т і л г е н :

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

2 «Салықтық емес түсімдер» санатында:

06 «Өзге де салықтық емес түсімдер» сыныбында:

1 «Өзге де салықтық емес түсімдер» кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 10-ерекшелікпен толықтырылсын:

«10 Мүлікті жария еткені үшін алым».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (Д . Е . Е р ғ о ж и н) :

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін оны бұқаралық ақпарат құралдары мен «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таралады.

Қаржы Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б.Сұлтанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК